

МРНТИ 06.71.57

Л.М. Муталиева¹, Г.А. Еділ²

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹mutalieva_leila@mail.ru, ²edil_ga@mail.ru)*

Батыс Қазақстанда ауылдық туризмді дамытудың перспективалары

Аңдатпа. Туризм ауылдық аудандардың экономикалық және әлеуметтік дамуына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан туризм саласының дамуы муниципалдық құрылымның экономикалық міндеті болып табылады. Ауылдық туризмді дамыту ауылдың экономикасын көтереді. Ауылдардың шаруашылық құрылымы жақсарады, қонақжайлылық индустриясындағы кәсіпорындардың дамуына жағдай жасалады, экономикада бұрынғыда болашағы жоқ деп есептелген ауылдар қызметтердің басқа түрлерін дамыту үшін қолданылады. Соңғы уақытта ауылдық туристік бағыттар кеңінен танымал болып келеді, ал ауылдық туристік бизнес жылдан жылға осы қызмет саласына бизнесмендердің көп санын тарта отырып, сатудың үлкен көлемін тіркейді. Осы мақалада ауылдық туризм сегментінде Батыс Қазақстанның ауылдық туризм жағдайына SWOT-талдау жасалып, негізгі мәселелері айқындалып, оларды шешу жолдары көрсетілді.

Түйін сөздер: ауылдық туризм, Батыс Қазақстан, экономика, ауыл шаруашылығы, ресурс.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2018-4-45-49>

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылық өндірісін механикаландыру және автоматтандыруға байланысты, осы салада жұмыс жасайтын жұмысшылардың азаюы, ауылшаруашылық қызметін алмастыратын немесе оны толықтыратын жаңа шешімдерді табуы қажет етеді.

Аймақтардағы ауылдық туризмді дамыту осы мәселені жақсы шешеді, өйткені бұл ауылдың экономикалық өсуіне арналған «катализаторы» бола алатын туристік компонент.

Бұған бірнеше түсінік бар:

- Біріншіден, туристік белсенділік бастапқы кішігірім салымдармен тартымды, ал бұл шектеулі қаражатқа ие ауыл тұрғындары үшін іс жүзінде өте маңызды;

- Екіншіден, туризм – шығындарды минималды уақытта ақтайтын жоғары рентабельділікке ие шаруашылықтың табысты саласы, ал бұл қысқа мерзімде табысқа қол жеткізу үшін маңызды болып табылады.

Ауылдық туризмді дамыту ауылдың экономикасын көтереді. Ауылдардың шаруашылық құрылымы жақсарады, қонақжайлылық индустриясындағы кәсіпорындардың дамуына жағдай жасалады, экономикада бұрынғыда болашағы жоқ деп есептелген ауылдар қызметтердің басқа түрлерін дамыту үшін қолданылады [1].

Бүгінде ауыл туризмі өте жылдам қарқынмен дамып келеді және кейбір елдерде шетелдік туристердің едәуір бөлігін тартады. Мысал ретінде Италияны, Ирландияны, Францияны, Швейцарияны, Скандинавия мемлекеттерін, Испанияны атауға болады - бұл елдер Еуропадағы ауыл туризмі бойынша танымал көшбасшылар болып табылады, оның пайдасы жүздеген миллион долларды құрайды.


Ауылдық туризм – бұл кешенді туристік өнімді құру үшін, ауылдық жерлердің табиғи, тарихи-мәдени және өзге де ресурстарын және оның ерекшелігін пайдалануға бағытталған туристік сала секторы.

Демалудың мұндай түрі ауыл шаруашылығы еңбегін, қолөнерін, ауыл әдет-ғұрыптарын және мерекелерін білгісі келетін, аз қозғалысты өмір салтын жүргізетін адамдарды қызықтырады. Бұл ретте таза ауылдық тағам, таза ауа, қандай да бір шағын ауылдық жұмыстарға қатысу мүмкіндігі физикалық және психикалық денсаулықты нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ауыл туризмі көптеген қызмет түрлерін үйренуге мүмкіндік береді: атқа міну, жеміс-жидектер мен көкөністерді жинау, шөп шабу, сиырды немесе

ешкіні сауу, тағам дайындау, ұлттық кәсіпшілікке және қолөнерге баулу (кесте тігу, өру, мүсіндеу және қыш қолөнер). Танымдық жағынан, турист белгілі бір өңірдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрімен, бірегей фольклормен және мәдениетпен (музыкалық қойылымдар, әдет-ғұрыптар) танысады [2].

Соңғы уақытта ауылдық туристік бағыттар кеңінен танымал болып келеді, ал ауылдық туристік бизнес жылдан жылға осы қызмет саласына бизнесмендердің көп санын тарта отырып, сатудың үлкен көлемін тіркейді.

Сурет 1. Туристік ағындарды қалыптастыруда ауыл туризмі үшін қолайлы үрдістер



Батыс Қазақстан бай табиғи, мәдени-тарихи және этнографиялық әлеуетке ие, ауыл туризмін дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Ауылдық туризмді жандандыру жергілікті халықтың табысын арттыру, жұмыс орындарын құру, дәстүрлерді, халық кәсіпшілігі мен қолөнерін қолдау арқылы ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына ықпал ететін кешенді туристік өнімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, ауылдық туризм Батыс Қазақстанның ауылдық аудандарындағы жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе құру, жұмыс пен қызмет түрлерін кеңейту, фермерлікті қолдау, мәдени қамтамасыз ету, табиғат пен пейзажын қолдау, сондай-ақ туристерді тарту мақсатында ауылдық өнер мен қолөнерді қолдау арқылы олардың өзін-өзі қамтамасыз ету үшін қолайлы құрал болып табылады.

Батыс Қазақстан аумағында ауылдық туризмді дамытудың кешенді стратегиясын құру үшін туристік нарықтың осы сегментінің жай-күйі мен даму перспективасының деңгейін дұрыс айқындау қажет. Осы мақсатта Батыс Қазақстанда Ауылдық туризм сегментіне SWOT-талдау жүргізілді [3].

Батыс Қазақстанның туристік нарығының осы сегментінің жай-күйіне жүргізілген бағалау негізінде ауылдық туризмді дамыту стратегиясын қалыптастыру кезінде мүмкіндіктер мен шектеулер, артықшылықтар мен кемшіліктер анықталды (кесте 1).

Кесте 1 – Батыс Қазақстанның ауылдық туризм жағдайына SWOT-талдау

Артықшылықтары (күшті жақтары)	Кемшіліктер (әлсіз жақтары)
1. Ауылшаруашылық жетістігі жоғары елдің әлеуеті; 2. Табиғи-рекреациялық әлеуеті жоғары болуы; 3. Әлемдік маңызы бар мәдени және тарихи ескерткіштердің болуы; 4. Ауылдық жерлерде туризмді дамытуға жәрдемдесетін қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың болуы;	1. Ауылдық жерлерде туристік инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі; 2. Ішкі және халықаралық туристік нарықтарда туристік өнімдерді жылжытудың әлсіз жүйесі; 3. Ауылдық аймақтар бейнесінің танымалдығы мен тартымдылығының болмауы (танымал брендтің болмауы); 4. Туризм индустриясын дамытуды ақпараттық және басқарушылық қолдауды қамтамасыз ететін салалық статистиканың болмауы; 5. Туристік кадрларды даярлаудың төмен деңгейі; 6. Инвестициялардың болмашы көлемі.
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатер
1. Жергілікті тұрғындар мен жалпы өңірлер кірістерінің өсуі. 2. Қосымша жұмыс орындарын құру. 3. Ауылда шағын кәсіпкерлікті дамыту. 4. Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жандандыру. 5. Шетелдік туристерді тарту.	1. Таяу және алыс шет елдердің туристік нарықтары арасында өсіп келе жатқан бәсекелестік 2. Туристік саланы реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жетілмегендігі 3. Елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздану 4. Экологиялық жағдайдың нашарлауы 5. Ауылдағы туристік қызмет деңгейінің төмендігінен туристік нарықтың жоғалуы
Ескерту: [3] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған	

Ұсынылған SWOT-талдау көрсеткендей, Батыс Қазақстанда ауылдық туризмді дамыту үшін бай табиғи-рекреациялық ресурсқа ие. Алайда, туризмнің осы түрін дамыту саласында кешенді проблемалар бар, олар өткір және жүйелі сипатқа ие.

Ауылдық туризмді дамытудың Батыс Қазақстандағы негізгі проблемалары:

✓ ауылдық туризмді дамытудың жалпы қабылданған ұлттық тұжырымдамасының жоқтығы;

✓ білікті мамандардың болмауы;

✓ шетелдік және отандық туристердің білімі мен тәжірибесінің болмауы;

✓ өздерінің рекреациялық ресурстарын білмеу.

Батыс Қазақстанның туристік нарығының осы бағытын үдемелі дамыту үшін алғышарттар әлдеқайда көп. Оларды шешу үшін ауылдық аумақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сапалы туристік қызметтерге өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға және ауылда туризмді тұрақты дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін жаңа тәсіл мен бағдарламалық-мақсатты әдіс қажет.

Ауылдық туризм сегментіндегі Батыс Қазақстан мүмкіндіктерін іске асыру үшін туризм индустриясын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау қажет, атап айтқанда:

– ауылдық туризм нарығын реттеудің заңнамалық базасын құру;

– ішкі және сыртқы ауыл туризмі үшін тартымды аумақ ретінде Батыс Қазақстан бейнесін қалыптастыру;

– ауылдық туризмді дамытуға мүдделі шағын кәсіпкерлерді мақсатты қаржыландыруды және мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

- облыстық мақсатты бағдарламалар шеңберінде табиғат, мәдениет және тарих ескерткіштерін қорғауды қолдау;
- муниципалдық құрылымдарда туристік инфрақұрылымды дамыту;
- туризмге ілеспе сервистік қызметтер көрсету үшін шағын бизнесті дамытуды ынталандыру;
- ауылдық туризм мен ілеспе салалар үшін кадрлар даярлау үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу;
- ішкі ауылдық туризмді дамытуға инвестицияларды ынталандыру [4].

Ауылдық туризм ішкі туризм саласында, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті дамыту саласында үлкен әлеуетке ие. Туризмнің бұл түрі ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, ауыл инфрақұрылымының дамуын ынталандырады, жергілікті халықтың мәдени және білім деңгейін арттырады және дамытады. Туристік фирмалар фермерлермен және жергілікті биліктің өзге де өкілдерімен келісе отырып, ауыл туризмін ұйымдастыра және дамыта алады. Әрине, бұл жерде сыртқы инвестициясыз, жақсы салық және құқықтық негізсіз, сондай-ақ білікті мамандарсыз болмайды.

Әдебиеттер тізімі

1 Сельский и экологический туризм как фактор устойчивого развития территории [Электрон. ресурс]. – URL: http://tourlib.net/books_green/siet01.htm (Дата обращения: 09.10.2018г.).

2 Кундиус В.А., Чермянина В.В. Проблемы и перспективы агротуризма в регионе // Известия Алтайского государственного университета. - 2011. - №2. - С.289.

3 Прикладные аспекты развития агротуризма в западно-казахстанской области Республики Казахстан [Электрондық ресурс]. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/prikladnye-aspekty-razvitiya-agroturizma> (Дата обращения: 12.10.2018г.).

4 Сельский туризм может стать источником стабильного дохода [Электрондық ресурс]. – URL: <https://kapital.kz/economic/48625/st.html>

Л.М. Муталиева, Г.А. Еділ

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Перспективы развития сельского туризма западного Казахстана

Аннотация. Туризм оказывает значительный эффект на экономическое и социальное развитие сельской территории, поэтому развитие индустрии туризма становится приоритетной экономической задачей муниципальных образований. Развитие сельского туризма поднимает экономику села: совершенствуется хозяйственная структура сел, стимулируется развитие отраслей, задействованных в индустрии гостеприимства, задействуются в экономике те села и деревни, которые ранее считались депрессивными, бесперспективными для развития других видов деятельности. В последнее время сельские туристические направления становятся все более популярными, а сельский туристический бизнес регистрирует из года в год все больший объем продаж, привлекая все большее количество бизнесменов в эту сферу деятельности. В настоящей работе проведен SWOT-анализ, определяющий потенциал индустрии туризма Западного Казахстана в сегменте сельского туризма. Выявлены основные проблемы отрасли и намечены пути их решения.

Ключевые слова: сельский туризм, Западный Казахстан, экономика, агрокультура, ресурс.

L.M. Mutaliyeva, G.A. Edil

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Prospects for the Development of Rural Tourism in the Western Kazakhstan

Abstract. Tourism has a significant effect on the economic and social development of rural areas, so the development of the tourism industry is becoming a priority economic task of municipalities. The rural tourism development boosts the economy of the village. The economic structure of villages is being improved, the development of industries involved in the hospitality industry is being stimulated, those villages that were previously considered depressed and unpromising for the development of other activities are being used in the economy. Recently, rural tourism destinations are becoming more and more popular, and the rural tourism business registers increasing sales volume year after year, attracting an increasing number of businessmen to this area of activity. In this work a SWOT analysis is made, which determines the potential of the Western Kazakhstan tourism industry in the rural segment. Also the main problem of the industry is identified and outlined ways to solve them.

Key words: rural tourism, Western Kazakhstan; economy, agriculture, resource.

References

1 Sel'skij i ehkologicheskij turizm kak faktor ustojchivogo razvitiya territorii [Rural and ecological tourism as a factor of sustainable development of the territory] Available at: http://tourlib.net/books_green/siet01.htm (Accessed: 09.10.2018.).

2 Kundius V.A., Chermyanina V.V. Problemy i perspektivy agroturizma v regione [Problems and prospects of agro-tourism in the region], *Izvestiya Altajskogo gosudarstvennogo universitet* [News of the Altai State University], (2), 289(2011).

3 Prikladnye aspekty razvitiya agroturizma v zapadno-kazahstanskoj oblasti respublikii kazakhstan [Applied aspects of agrotourism development in the West Kazakhstan region of the Republic of Kazakhstan] Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/prikladnye-aspekty-razvitiya-agroturizma> (Accessed: 12.10.2018).

4 Sel'skij turizm mozhet stat' istochnikom stabil'nogo dohoda [Rural tourism can be a source of stable income] Available at: <https://kapital.kz/economic/48625/st.html>

Авторлар туралы мәлімет:

Муталиева Л.М. - к.э.н., ассоциированный профессор, доцент кафедры «Туризм» Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Едил Г.А. - студентка 4 курса специальности «Туризм» Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Mutaliyeva L.M. - Candidate of Economic Sciences, associated professor, associate professor of tourism of L.N. Gumilyov Eurasian National University Astana, Kazakhstan.

Edil G.A. - Student of 4 course in tourism faculty of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.